

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 215 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 қаңтар N 129. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 772 қаулысымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 16.11.2018 № 772 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 215 U990215\_ Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 19 қаңтардағы Заңына Z939000\_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысанын кию ережесін бекітсін.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерін әскери киім нысанымен және айырым белгілерімен жабдықтаудың нормаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қорғаныс министрлігінің қатысуымен, белгіленген тәртіппен отандық тауар өндірушілердің әскери киім нысандары мен айырым белгілерін дайындауы үшін нормативтік құжаттамаларды әзірлеушіні белгілесін.

4. Мүдделі мемлекеттік органдар пайдаланудағы заттай мүлік

нысаналарының киілу мерзімдерін ескере отырып және жыл сайын республикалық

бюджетте заттай мүлікпен қамтамасыз етуге көзделетін қаражаттың шегінде, әскери қызметшілердің жаңа киім нысаны мен айырым белгілерін киюге көшуінің тәртібі мен мерзімдерін айқындасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары  
Оқығандар:  
Қобдалиева Н.М.  
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК